

БЕКІТІЛДІ:

**Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз
университетінің Президенті
техника ғылымдарының докторы, профессор
Н.Ж. Мүсілімов**

«---- » -----2025

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ НІҢ
«АРДАГЕРЛЕРІНІҢ БАСТАУЫШ ҰЙЫМЫ» ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ

2025

1.Жалпы ережелер

1.1. «Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті ардагерлерінің бастауыш ұйымы» (бұдан әрі АБҰ) «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Жарғысы мен Ережесінің талаптарына сәйкес университеттің ардагерлерінің бастамасы бойынша жиналысының шешімімен құрылды.

1.2 АБҰ Тараз қаласының «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің бөлімшесі болып табылады және оның ұйымдық негізін құрайды.

1.3. Орналасқан мекен жайы: Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 69^б

2. АБҰ құқықтық жағдайы, мақсаттары мен міндеттері

2.1. АБҰ өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, съезд бекіткен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жарғысы мен Ережесін басшылыққа алады.

2.2 АБҰ қызметінің мақсаттары ардагерлердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады.

2,3. АБҰ міндеттері:

- қоғамда бірлікті, келісім мен тұрақтылықты нығайту жөніндегі жұмысқа қатынасу;
- ардагерлердің материалдық және тұрғын үй жағдайын, оларға қызмет көрсетудің мәдени-тұрмыстық, медициналық және басқа түрлерін жақсартуға жәрдемдесу;
- мемлекет алдында айрықша еңбек сіңірген ардагерлерді ұлықтау шараларына қатысу;
- ардагерлердің жастарды ата-бабаларымыздың озық халықтық дәстүріне тәрбиеленуіне, олардың бойына қазақстандық патриотизмін егуге қатысу болып табылады.

2.4. Ардагерлердің бастауыш ұйымы:

- жұмыстың құрылымы, нысандары мен әдістері мәселелерін дербес шешуге;
- өз қызметі туралы ақпарат таратуға;
- жиналыстар мен митингілер, демонстрациялар мен шерулерге қатысуға құқылы.

2.5. Ардагерлердің бастауыш ұйымы:

- өз мүшелерінің жеке есебін жүргізуге;
- ардагерлерге қамқорлық жасауға, әлеуметтік карточка жүргізуге;
- ардагерлерді қоғамдық-саяси және мәдени өмірге тартуға;
- мемлекеттік органдармен, еңбек ұжымдарымен, оқу орындарымен, ардагерлік және қоғамдық ұйымдармен, бизнес құрылымдарымен байланыс орнатуға қатысу.

3. АБҰ басқару органдары мен олардың өкілеттіліктері

3.1. АБҰ жоғарғы органы жиналыс болып табылады, ол қажеттілігіне қарай, жылына кемінде бір рет өткізіледі.

3.2. Есеп беру жиналысы 2-3 жылда бір рет өткізіледі.

3.3. Егер ардагерлердің жиналысына АБҰ мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, ол құқылы деп есептеледі, ал егер жиналысқа қатысушы ардагерлердің жартысынан астамы оған ашық дауыс берсе, шешім қабылданған болып есептелінеді.

3.4. Ардагерлер ұйымының қалалық конференциясына делегаттар сайлайды, сайлауларда өз кандидаттарын мәслихат депутаттығына ұсынады және қолдайды;

3.5. Жиналыстар арасындағы кезеңде ардагерлердің бастауыш ұйымының атқарушы органы кеңес болып табылады.

4. Кеңес

- өз мүшелерінің қатарынан төрағаны, оның орынбасары және хатшыны сайлайды;
- бастауыш ардагерлер ұйымы қызметінің бағытын айқындайды, жоспарлардың жасалуына және олардың ұжымдарда іске асырылуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;
- Кеңес отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ үш айда кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес шешімі жәй көпшіліктің ашық дауыс беруімен қабылданады.

5. АБҰ қызметін тоқтату тәртібі

5.1. АБҰ қызметі жалпы жиналыстың шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін..